



Бекітемін

Г. Жетписова

Г. Жетписова

МККК «№1 бөбекжайы» басшысы

« 01 » 09

2022 жыл

Даярлық тобының 2022-2023
оқу жылына арналған
вариативтік бөлім бойынша
жылдық перспективтік жоспары
«Қазақ этнопедагогикасын қолдану»

№	Уақыты	Сабақтың тақырыбы	Мақсаты
1	Қыркүйек айы 1-апта	Қазақша амандасып үйренейік!	Қол алысып амандасу, құшақтасып амандасу, төс қағыстырып амандасу түрлерімен таныстыру, орынды қолдана білуге үйрету.
2		Әдептілік әліппесі	Адамға тән адамгершілік қасиеттер туралы түсіндіре отырып, адамгершілікке байланысты мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіру. Адамгершілікке байланысты айтылған тыйым сөздерді мағынасын түсіндіру, жатқа айтуға үйрету.
3	2-апта	Алтын күз – ауқаты күз	Күзгі табиғаттың ерекшеліктерімен таныстыра отырып, «алтын», «жомарт», «ауқатты» сөзерінің мағынасын түсіндіру. Күз мезгіліне қатысты айтылған нақыл сөздердің мағынасын түсіндіру.
4		Дихандардың сабан тойы	Күзгі науқан жайында, сабан тойы туралы түсініктер беру, Дихандардың, егіншілердің еңбектерімен таныстыру. Жемістер, көкөністер туралы жұмбақтардың мағынасын түсіндіре отырып, шештіру.
5	3-апта	Имандылықтың бастауы	Балаларға қазақ халқы мұсылман екендігімізді, дініміз, ислам екендігі туралы әңгімелеп түсіндіру. Мешіт туралы, намаз, құран туралы қысқаша мағұлмат беру.
6		Ұлттық	Ораза айт, құрбан айт туралы түсінік беру, мерекелердің өту барысымен таныстыру арқылы балалардың бойына имандылық, инабаттылық дағдыларын

		мерекелер	қалыптастыру.
7	4-апта	Мал өсірсен, қой өсір...	Төрт түлік малдың бірі қой туралы түсініктерін жетілдіру, қозы, тоқты, қошқар т.б. қой атауларымен олардың ерекшеліктерімен таныстыру, қойдың адам өміріндегі пайдасы туралы, оларды бағу, күту туралы түсіндіру
8		Ешкі де үй жануары	Ешкі жануары туралы түсініктерін кеңейту, лақ, серкеш, теке т.б. ешкі атауларымен, олардың ерекшеліктерімен таныстыру. Қой, ешкі туралы айтылған мақал-мәтелдің мағынасын түсіндіру.
9	Қазан айы 1-апта	Ешкі де үй жануары	Үй-іші, отбасы, туыстар туралы білімдерін қайталау, туыстық аулар туралы ұғымдарын кеңейту. (немере, жиен, нағашы, т.б.)
10		Жеті ата	Туыстық атаулар туралы білімдерін шыңдай түсу, Жеті ата туралы түсінік беру. Жеті атасын жатқа жаңылмай айтып беруге үйрету, әке, ата, немере, шөбере, шөпшек т.б. атауларды дұрыс ажыратып айта білуге үйрету.
11	2-апта	Жаңбыр және жаңбыр түрлері	Жаңбыр туралы түсініктерін кеңейте отырып, жаңбыр түрлерімен таныстыру, (ақ жаңбыр, соқыр жаңбыр)
12		Жаңбыр жауса жер ырысы...	Жаңбыр кезінде және жаңбырдан соң болатын құбылыстармен таныстыру

			(кемпірқосақ, найзағай, күн күркіреу) Жаңбыр туралы мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіру, жатқа айтуға үйрету
13	3-апта	Қазақ хандары	Қазақ елін ертеде хандар басқарғанын түсіндіре отырып, Абылай хан, Әбілқайыр хан, Кенесары хан, Тәуке хан, Керей хан, жөнінде түсіндіру. Астана қаласындағы хандардың құрметімен атаған көшелермен, даңғылдармен, ескерткіштермен таныстыру.
14		Қазақтың билері	Қазақ билері – Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би, жайында түсінік беру. Татулық, бірлік туралы айтылған билер сөзінен үлгі келтіре отырып, ел бірлігінің маңыздылығы туралы түсіндіру. Билердің айтқан сөздерінің мағынасын түсіндіру.
15	4-апта	Сиырлар біздің ауылда	Сиыр және сиыр атаулары – бұзау, тайынша, бұқа т.б. ерекшеліктерімен таныстыру. Сиырдың пайдасымен оны күту жолдарымен таныстыру.
16		Сиыр сүтінен жасалатын тағамдар	Сүт және сүттен жасалатын тағамдардың атаулары жөнінде білімдерін жетілдіру. Сүт тағамдарының адам денсаулығына пайдасы туралы түсіндіре отырып, жасалу жолдарымен таныстыру. Сиыр сауу, сүзу, шайқау, құю, қайнату т.б. сөздердің мағынасын түсіндіру.
17		Саусақ және қол арқылы заттардың ұзындығын өлшеу	Қол және саусақ атауларымен таныстыра отырып, қол және саусақтар арқылы заттардың ұзындығын өлшеуді үйрету. Елі, сүйем, қарыс, жарты құлаш, құлаш өлшемдерімен таныстыру.

	Қараша айы 1-апта		
18		Аяқ арқылы заттардың ұзындығын өлшеу	Саусақ және қол өлшемдері жөніндегі білімдерін бекіту. Адым, аттам өлшемдерімен таныстыра отырып, заттарды өлшеуді үйрету.
19	2-апта	Бұлт және бұлттың түрлері	Бұлт туралы түсініктерін кеңейте отырып, бұлт түрлерімен таныстыру (ақша бұлт, ала бұлт, сұр бұлт, жаңбыр бұлты т.б.).
20		Ауа райын табиғат құбылыстарына қарап болжау	Ауа райын болжаудың халақтың нұсқалары туралы түсінік бере отырып, ауа райын табиғат құбылыстарына қарап болжау жайында түсіндіру.
21	3-апта	Қазақ батырлары	Қазақ батырлары туралы таныстыру, батырлардың ерлік істері туралы әңгімелеп беру. Батырлар туралы түсірілген қазақ кинолары жайында қысқаша таныстыру.
22		Батырлардың қару-жарақтары	Батырлардың қару-жарақтарымен таныстыру (күрзі, шокпар, садақ, қалқан т.б.) батырлық, ерлік туралы мақал-мәтелдердің мәнін түсіндіру.
23	4-апта	Жылқы жануары	Жылқы жануары туралы білімдерін кеңейте отырып, құлын, тай, ат, айғыр т.б. жылқы атауларымен таныстыру. Ат жарысы және оны ұйымдастыру туралы түсіндіру.
24		Жылқының сүтінен жасалатын тағам	Жылқының адам өміріндегі маңызы туралы білімдерін кеңейту, Жылқының сүтін саумал деп атайтынын, қымыздың жасалу жолымен, пайдасымен таныстыру. Күбімен, сабамен, піспекпен

			таныстыру.
25	Желтоқсан айы 1-апта	Сүйінші сұрау	Қазақ халқы қуанышты хабарды жеткізген кезде сүйінші сұрап айтатыны туралы түсіндіру. Сүйінші сұраудың түрлерімен таныстыру.
26		Байғазы сұрау	Жаңа киім киген кезде үлкендерден балалар байғазы сұрайтыны туралы түсіндіру. Балаларға байғазы сұрауды үйрету.
27	2-апта	Қар және қардың түрлері	Қар туралы түсініктерін кеңейте отырып, қар түрлерімен таныстыру (үйме қар, ақша қар, жапалақ қар, жылбысқа қар)
28		Қар және қардың түрлері (пысықтау)	Қардың түрлері туралы түсініктерін бекіту, Жауған қарға бірнеше рет бақылау жасау арқылы қар түрлерін ажыраты білу дағдыларын жетілдіру.
29	3-апта	Тазша баланың өтірік өлеңдері	Өтірік өлеңдердің мазмұны жөніндегі білімдерін шыңдай түсу, Тазша баланың бірнеше өтірік өлеңдерді талдап, жатқа мәнерлеп айтуға үйрету.
30		Санамақтар	Санамақтар туралы түсініктерін кеңейте отырып, қолдану ерекшеліктері туралы білімдерін жетілдіру. Жұмбақ – санамақтар мен есеп санамақтарды шешуге үйрету.
31	4-апта	Түйе жануары	Түйе және бота, нар, інген, бураменмен таныстыру. Түйенің пайдасымен, күту, баптау жолдары туралы түсіндіру.

32		Түйенің сүтінен жасалатын тағамдар	Түйенің сүтінен жасалатын тағамды шұбат деп атайтынын түсіндіру. Шұбаттың жасалу жолдарымен таныстыру.
33	Қаңтар айы 1-апта	Халық шеберлері	Шебер жайлы түсінік бере отырып, ағаш шебері, ұста, зергер мамандықтары туралы түсіндіру, олардың қолынан шыққан бұйымдармен таныстыру.
34		Халық шеберлері	Шебер жөніндегі түсініктерін одан әрі шыңдай отырып, тігінші, кестеші, өрмек тоқушы, кестеші, тоқымашы мамандықтарымен таныстыру, олардың қолынан шыққан бұйымдар туралы түсінік беру.
35	2-апта	Аяз және аяз түрлері	Аяз туралы білімдерін кеңейте отырып, аяз түрлерімен таныстыру (үскірік аяз, сары аяз, қақаған аяз).
36		Аяз және аяз түрлері (пысықтау)	Аяз және аяз түрлері туралы ұғымдарын бекіту. Аязға бақылау жасап, ерекшелігіне қарай ажырата білу дағдыларын қалыптастыру.
37	3-апта	Қазақтың байырғы өлшем бірліктері Қол өлшемдері	Қазақтың байырғы өлшем бірліктері туралы түсінік бере отырып, қол өлшемдерімен (құлаш, жарты құлаш, қарыс, сүйем, елі т.б.) таныстыру, дұрыс қолдана білуге жетелеу. Өлшемдерді қолдана отырып, жіпті, заттардың ұзындықтары мен биіктіктерін және енін өлшеуге үйрету.
38		Қазақтың байырғы өлшем бірліктері	Қазақтың байырғы өлшем бірліктері туралы түсініктерін кеңейте отырып, аяқ өлшемдерімен (адым, аттам) таныстыру.

		Аяқ өлшемдері	Өлшемдерді дұрыс қолдана білу дағдысын жетілдіру.
39	4-апта	«Қарға, қарға, қарғалар» (сұрамақ)	Сұрамақ туралы балалардың түсініктерін шындай түсіу, қыстап қалатын құстар туралы білімдерін бекіту. Сұрамақтың мағынасын түсіндіре отырып, диалог түрінде жатқа, мәнерлеп айтуға үйрету.
40		Халқымыздың құстарды қорғау дәстүрлері	Құстардың ерекшеліктері туралы, олардың пайдасы туралы түсіндіре отырып, халқымыздың құстарды қорғау
41	Ақпан айы 1-апта	Ат әбзелдері	Ат және оның әбзелдері жайында түсінік беру. Әбзелдердің аттарымен (жүген, қамшы, ер, тізгін, шідер т.б.) қолдану ерекшеліктерімен таныстыру.
42		Атқа (ашамайға) мінгізу тойы	Салт-дәстүрлер туралы білімдерін кеңейту, баланы атқа мінгізу дәстүрімен таныстыру. Салт-дәстүрге құрметпен қарауға тәрбиелеу.
43	2-апта	Табиғат құбылыстары атаулары	Табиғат құбылыстарына байланысты ұғымдарды дұрыс айтуға үйрету (таң атады, күн батады, күн көтеріледі, күлімдейді, жұлдыздар жымыңдайды, қар жауады, жатады, сықырлайды, ериді, жел, боран соғады, басылады т.б.)
44		Табиғатты қорғайық!	Табиғат тылсым сырларын ұғындыра отырып, табиғатты қорғай, аялай білуге үйрету. Халқымыздың табиғатты қорғау дәстүрлерімен таныстыру.
45	3-апта	Айтыс өнері	Сөз өнері – айтыс туралы түсіндіру. Айтыс ақындарымен таныстыру. Айтыс айту ерекшеліктерін айта отырып, Қыз бала мен ер балалардың айтыс үлгісімен таныстыру.

46		Біржан мен Сара айтысы	Айтыс туралы түсініктерін жетілдіретүсу. Айтыс ақындары Біржан мен Сара туралы түсінік бере отырып, балаларға ықшамдалып жазылған Біржан мен Сара айтысынан үзінді тыңдату.
47	4-апта	«Түйе, түйе, түйелер...» (қызықтамалар)	Қызықтамалар жайында балаларға түсінік бере отырып, қызықтамалардың ертегі, өлендерден айыра білуге үйрету. «Түйе, түйе, түйелер» қызықтамасының мазмұнын түсіндіру.
48		«Түйе, түйе, түйелер...» (қызықтамалар) (жалғасы)	Қызықтамалар жөнінде түсініктерін кеңейте отырып, қызықтаманы рөлдерге бөліп орындату. Қызықтамадағы кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беру арқылы алдық, еңбекқорлық, әділеттілік, әділетсіздік ұғымдарын кеңірек түсіндіру.
49	Наурыз айы 1-апта	Киіз үй және оның жабдықтары	Ерте кезде халқымыз киіз үйді қалай пайдаланғандығы туралы, оны көшіп-қонуға ыңғайлы етіп жасағаны жайында түсіндіру. Киіз және жабдықтарын таныстыру. Халық шеберлеріне деген құрмет сезімдерін қалыптастыру.
50		Әшекей бұйымдар	Әйел адамдардың қолданатын әшекей бұйымдарымен таныстыру.(түйреуіш, қапсырма, алқа, шолпы т.б.) Аналардың қыз балдаларды сыйлауға, ілтипат көрсетуге жетелеу.
51	2-апта	Саумалық (Маусымдық жырлар)	Жыл басы – наурыз мерекесінің қарсы алудың ерекшеліктері туралы түсіндіру. Саумалық жырының мазмұнын түсіндіру. жатқа айтуға үйрету.
52			Наурыз мерекесіне қарсы адамдардың табиғатта аясында атқаратын

		Көктемгі табиғат	еңбектерімен таныстыру. (Ағаш егу, айналаны қоқыстан тазалу, т.б.). Табиғатқа қатысты тыйым сөздердің мағынасын түсіндіру, үнемі жадында ұстап жүруге үйрету.
53	3-апта	Наурыз – жыл басы	Наурыз мерекесі жайында түсініктерін кеңейте түсу, мереке қарсаңында болатын іс-шаралар жөнінде мағұлматтар беру (ұлттық спорттық ойындар, айтыс өнері, күй өнері, би өнері, ұлттық ас мәзірлері т.б. Наурыз көженің жасалу жолымен таныстыру.
54		Ұлыс күні айтылатын бата -тілектер	Наурыз мерекесі туралы түсініктерін бекіте отырып, мерекеде айтылатын бата-тілектермен таныстыру, түрлерімен, бірнешеуін жатқа айтуға үйрету.
55	4-апта	Үй хайуанаттары	Үй хайанаттары туралы түсіндерін кеңейту («есек, ит, мысық»). Үй хайуанаттарының пайдасын түсіндіру. Қамқорлық жасауға үйрету. үй хайуанаттары туралы нақыл сөздердің мағынасын түсіндіру.
56		Түз хайуанаттары	Түз хайуанаттары туралы түсініктерін кеңейту. Олардың өмір сүру, қоректену ерекшеліктерімен таныстыру. Түз хайуанаттары туралы айтылған нақыл сөздердің мағынасын түсіндіру.
57	Сәуір айы 1-апта	Ұлттық тағамдар	Ұлттық тағамдар туралы түсіндіру, еттен, ұннан, дәнді-дақылдардан жасалған тағамдарды ажырата білуге үйрету. Ұлттық ас мәзірі туралы айтылған нақыл сөздердің мағынасын түсіндіру
58		Әдептілік-	Дастарханға отырар алдында дастархан басында белгілі бір әдеп дағдыларын сақтауға ас ішіп болған соң ас қайыруға

		әдемілік	үйрету. Дастарханға, асқа қатысты айтылған тыйым сөздерді жадында ұстап, қолданып жүруге дағдыландыру.
59	2-апта	Көктемгі табиғат көркі	Көктем туралы түсініктерін кеңейту, табиғатқа байланысты айтылған нақыл сөздердің мағынасын түсіндіру. Көктемгі ерекшеліктерге қарап ауа райын болжаудың халықтық болжамдарымен таныстыру.
60		Жел және желдің түрлері	Жел туралы түсініктерін кеңейту, желдің түрлерімен (самал жел, ыстық жел, құйын, дауыл т.б.) таныстыру. Соққан желге бақылау жасап, жасап, жел кезінде болатын табиғаттың құбылысына бақылау, жел түрлерін ажырата білуге үйрету.
61	3-апта 4-апта	Ұлттық көлік түрлері	Ұлттық көлік түрлері (арба, күйме, атарба т.б.) көлік түрлерімен, ерекшеліктерімен таныстыру. Көліктің пайдасы және ұлттық көліктерді халқымыз қалай қолданғаны туралы мағұлмат беру. Ұлттық көлік түрлерін қазіргі көлік түрлерімен салыстыра отырып ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсету.
62		Көліктер мен жаяу адам жүретін жолдар	Көліктер мен жаяу адам жүретін жолдардың аттарымен таныстыру (әуе жолы, темір жол. Су жолы, жалғыз аяқ жол, даңғыл жол т.б.) Қандай жол қай көлік түрлеріне арналғанын ажырата білуге үйрету. Көлікке, жол жүруге қатысты әңгіме ұйымдастыру, жұмбақтар шешуге үйрету.

63		Жыл құстары	Жыл құстары туралы білімдерін кеңейте отырып, құстар туралы айтылған нақыл сөздердің мәнін түсіндіру
64		Құстарға қарап ауа райын болжау	Жыл құстары жөніндегі түсініктерін кеңейте түсу. Құстарға қарап ауа райын болжаудың әдістерімен таныстыру, бақылау жасау.
65	Мамыр айы 1-апта	Тілашар тойы	Қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы білімдерін кеңейту. Тілашар той туралы балаларға мағұлмат беру өту барысымен таныстыру. Өткен материалдарды қайталау.
66		«Отбасы және балабақша» тақырыптары бойынша қайталау	Өткен сабақтарды қайталау, балалардың білімдерін тиянақтау
67	2-апта	Жайлауда	Жайлау туралы түсіндіре отырып, жайлаудағы тіршілікпен, ерекшеліктерімен таныстыру (киіз үй тігу, қой жаю, қозы лақ бағу, суға шомылу, көбелек ұстау т.б.)
68		Жыл мезгілдері бойынша тақырыптар-ды қайталау	Өткен сабақтарды қайталау, балалардың білімдерін тиянақтау
69	3-апта	Бата – тілектер	Бата, тілек туралы балаларға мағұлмат беру, бата түрлерімен таныстыру, дастархан басында берілетін батаны жатқа айтуға үйрету.

70		Қазақстан республикасы бойынша өткен тақырыптар-ды қайталау	Өткен сабақтарды қайталау, балалардың білімдерін тиянақтау.
71	4-апта	Төрт түлік	Төрт түлік туралы білімдерін тиянақтау, әр түліктің өз иесімен (Қамбар ата, Шопан ата, Зеңгі баба т.б.)
72		«Жануарлар дүниесі» бойынша өткен	Өткен сабақтарды қайталау, балалардың білімдерін тиянақтау